

**Жанғара Дәдебаев,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай институтының директоры**

МҰХТАР МАҒАУИННИҢ ҚАЗАҚ РОМАНЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

2025 жылы 3 ақпанда Қазақстан Жазушылар одағы өткізген «Мұхтар Мағауин – Ұлы жазушы, ғұлама тарихшы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жасалған баяндама

Мұхтар Мағауин эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін, аспирантурасын бітірді. Университеттің қарт профессоры, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Бейсембай Кенжебаевтың басшылығымен қазақ әдебиетінің тарихын ХҮІІІ ғасырдан ҮІІІ ғасырға дейін он ғасырға, дәлірек айтқанда, мың жылға тереңдеткен жас ғалымдардың қатарында ерен еңбек етті. Ғалым, ұстаз, жазушы. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, «Жазушы» баспасында бас редактор, «Жұлдыз» журналында бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметтерін атқарды, еркін шығармашылық жұмыста болды. Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының, Түркия Республикасының «Түрік дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының иегері.



Мұхтар Мағауин (1940-2025)

Шығармалары орыс тіліне аударылған, шетел тілдерінде басылған. Кезінде шығармаларының орыс тіліне аударылып басылуы, одан арыға танылуы туралы ойда болған. Кейінірек бұл ойынан қайтқан. Еңбегін туған

халқы таныса, өсер өркені оқыса, пайдасына жаратса, бұдан артық бақыт, бұдан артық құрмет жоқ деп білген.

Көркем әдебиеттің керемет туындысы жазушының ерен қабырғасы қайысып, берен белі майысып, жүрегі езіліп, қара тері төгіліп жүріп жасаған адал еңбегі нәтижесінде туады. Мұндай адал да азапты еңбек иелері қазақ әдебиетінің әр дәуірінде болған. Сол барымыздың бірі – Мұхтар Мағауин. Қаламгердің өзіне салсақ, былай дейді: «Біз деген бір кезде бәленбай деген жазушы болғанбыз. Жазудан бөтен тіршілік жоқ деп білген. Жазудан мәнді шаруа жоқ деп санаған. Жазбаса мазасы кеткен...» (Он үш томдық шығармалар жинағы, 6-том, 10-бет).

Жазушының өткен шақта сөйлеуінің мәнісі түсінікті болғанмен, оны түсіндіру оңай емес. Біздің түсінгеніміз: біз үшін Мұхтар Мағауин - бүгінгі күні де айтулы жазушы. Қаламгердің жазудан бөтен тіршілік жоқ деп білген, жазудан мәнді шаруа жоқ деп санаған ұстанымы, жазбаса мазасы кеткен жайы халық үшін бүгінгі күні де қымбат, бүгінгі күні де қадірлі. Мұхтар Мағауин - талантын, күш-қайратын, ақыл-ойын елі үшін игілікті іске арнаған, екі басын иілтіп Хақтың өзі ұстаған иген жақ секілді тегістігі жоқ тағдыр жолынан қиналса да құлап кетпей, тура шыққан, ұлы мұратына жеткен жазушы.

Жазушы еңбегінің өнбегі мол болды: қазақ әдебиетінің түрлі жанрында, қазақ әдебиеттануының тарихында, әдебиет сынында, көркем аудармада, көсемсөзде үлкен жетістіктерге жетті. Ел бірлігі, жеке тұлға тағдыры, ұлттық рухани құндылықтар қаламгер романдарының зияткерлік негізін ұстаған айбынды ұстынына айналды.

XXI ғасырдың басында (2002) шығармаларының көп томдығы жарық көрді. «Көкмұнар» (1972), «Көкбалақ» (1979), «Аласапыран» (1981 – бірінші кітап; 1983 – екінші кітап), «Шақан шері» (1984), «Сары қазақ» (1991), «Мен» (1996 – бірінші кітап, 1998 - екінші кітап), «Жармақ» (2007) секілді романдары мен «Шыңғыс хан» (2013-2014) эпопеясы - автордың қазақ романының дамуына қосқан іргелі және зор үлесі.

Мұхтар Мағауин үлкен эпикалық үлгідегі шығармаларымен қазақ әдебиетінің дамуына зор еңбек сіңірді, қазақ әдебиетін бұрын-соңды болмаған жаңа көркемдік-эстетикалық құндылықтармен байытты. Жазушының «Аласапыраны» - тарихи роман жанрының жаһандық кеңістігіндегі биік шыңдарының бірі.

Автор өз романдарында суреттеп отырған дәуір шындығына, кейіпкерлерінің тағдырына қатысты тарихта белгілі және белгісіз құжаттар мен деректерді іздеп, қыруар мәліметтер табады, оларды дәуірдің басты шындықтары арнасында жете зерделейді. Жазушының жазбақ болған көркем туындысына қажетті шындық құбылыстарды, деректер мен мәліметтерді іздеуі, жинауы инемен құдық қазғандай қиын жұмыс екені анық. Оларды болашақ шығарманың жүйесіне сәйкес сұрыптау да оңай емес. Жазушылық еңбек үдерісіндегі бұл екі сатының орны, маңызы

жайында әлем жазушыларының бірталайы сыр ашып, ой толғаған. Бірақ болашақ шығармасына негіз болатын шындық құбылыстарды, деректер мен мәліметтерді іздеу мен жинауды, талғап-таңдау мен сұрыптауды шынайы ғылыми зерттеу деңгейінде жүргізген жазушы тарихта бірен-саран, сирек. Мұхтар Мағауин - әдебиет әлемінің әр заманында қадау-қадау болып сирек кездесетін осындай дара тұлғалардың бірі. Анығын Алла біледі, менің көзіме Мұхтар Мағауин сол даралардың ортасында да дара көрінеді.

Қазақ хандығы дәуірінің тарихи тұлғасы туралы тарихи роман жазуға келерде Мұхтар Мағауин қазақ хандығының тарихына терең бойлап, қазақ тарихының әліппесін жазды, қазақ хандығы дәуірінде (ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда) жасаған қазақ ақын, жырауларының өмірі мен шығармашылық мұрасын бір талдап жинап, қараңғыдан жарыққа шығарды, қадалып зерттеп монография жазды, Ресейдегі аласапыран кезеңнің тарихын таразылап, Қасым хандығы, оның ірі тұлғалары туралы архив құжаттары мен көзкөргендердің жазбаларын, ғылыми зерттеулердің қаптаған қалың томдарын парақтады. Сібір хандығы мен Ноғай ордасының сырына бойлады, Еуразия тарихына үңілді. Осы ретте жазушының «Аласапыранды» жазуға дайындық жұмыстарына қатысты айтқан мына сөзін еске алу артық болмас деп ойлаймыз: «Аласапыранды» дайындау үшін... қажетті деректерін жинап, ой сүзгісінен, көркемдік сүзгіден өткізу үшін жарты ғұмырымды жұмсадым деуге болады... Нақтылап айтқанда, дайындық кезеңіне жиырма жылдай уақыт кетті» (Он үш томдық шығармалар жинағы, 13-том, 360-бет).

Бір романын жазу үшін қажетті дайындық жұмыстарына өмірінің жиырма жылын арнауға Мұхтар Мағауиннен басқа дүниеде бір де жазушы тәуекел ете алған жоқ. Бір роман жазу үшін он романның көлеміндей дерек пен мәлімет жинау, оны ғылыми және көркемдік сүзгіден өткізу екінің бірінің де, көптің бірінің де қолынан келмеген. Мұхтар Мағауин көптің де, екінің де бірі емес. Мұхтар Мағауин – дара шығармашылық тұлға.

Алла рақым етсін марқұмның рухына.